

**Аягөз ауданының Емелтау ауылдық округінің Емелтау ауылында шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 маусымдағы N 579 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 08 шілдеде N 5-6-138 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды ( Аягөз ауданының әділет басқармасының 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 04-08/3705 хаты)

**Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Аягөз ауданының әділет басқармасының 2011.09.30 N 04-08/3705 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасын және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Емелтау ауылдық округінің Емелтау ауылында ірі қара малдары арасында құтыру ауруының шығуына байланысты Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аягөз ауданының Емелтау ауылдық округінің Емелтау ауылында ірі қара малдары арасында құтыру ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Аудандық аумақтық ауыл шаруашылық инспекциясының мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық бас инспекторына (А. Муканов), аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бастығына (Д. Жұмақанов) жеке және заңды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринарлық іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Аягөз ауданының әкімінің орынбасары М. Төлегеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ә. Мұхтарханов*

*Келісілді:*

Аягөз аудандық аумақтық  
ауыл шаруашылық инспекциясының  
мемлекеттік ветеринарлық-  
санитарлық бас инспекторы А. Муканов  
20.06.2011 ж.

Аягөз аудандық санитарлық-  
эпидемиологиялық қадағалау  
басқармасының бастығы Д. Жұмақанов  
20.06.2011 ж.